

Жангелдин ауданы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 204 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 қаңтарда № 31557 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидасының 50-1-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жангелдин ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.

2. "Жангелдин ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғанынан кейін Жангелдин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жангелдин ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жангелдин ауданының әкімі

III. Оспанов

қаулысына қосымша

акима Джангельдинского района

от 30 декабря 2022 года

№ 204

Жангелдин ауданының стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№				Қызмет саласы	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (ұксас тауарлар ассортименті сатылатын сауда
---	--	--	--	---------------	--

	Орналасқан орны	Алып жатқан алаңы (шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезең (жыл)		объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1	Ақкөл ауылы, К.Сағадиев көшесі, 1 ғимараттың сол жағында	120	5	азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Аққу" кафесі
2	Аралбай ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 9/2 ғимараттың сол жағында	10	5	азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Азамат" дүкені
3	А х м е т Байтұрсынұлы ауылы, А. Байтұрсынов көшесі 1 ғимараттың сол жағында	30	5	азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Шатхана" кафесі
4	Суजारған ауылы, Қошалақ көшесі, 9 ғимараттың сол жағында	20	5	азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	жоқ
5	Торғай ауылы, Ж.Кайнекей көшесі, 14 ғимараттың оң жағында	127	5	азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Қарақат" дүкені
6	Шеген ауылы, Д.Кәтен көшесі, 12 ғимараттың сол жағында	20	5	азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Қызғалдақ" дүкені
7	Албарбөгет ауылдық округі, Көкалат ауылы, А.Нұрманов көшесі, 18 ғимараттың оң жағында	200	5	азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Ажар" кафесі
8	Ақшығанақ ауылдық округі, Ақшығанақ ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 8 ғимараттың сол жағында	120	5	азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Ақниет" кафесі

9	Жаркөл ауылдық округі, Тәуіш ауылы, Т.Дүйсекеев көшесі, 5 ғимараттың сол жағында	50	5	азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Айдана" кафесі
10	Қызбел ауылдық округі, Саға ауылы, М. Дулатова көшесі , 9 ғимараттың оң жағында	100	5	азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	жоқ
11	Шилі ауылдық округі, Шилі ауылы, Бестау көшесі, 6 ғимараттың оң жағында	28	5	азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Шатхана" кафесі
12	Шилі ауылдық округі, Милісай ауылы, Қ.Қасымов көшесі, 9/1 ғимараттың оң жағында	30	5	азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Береке" дүкені